

Қазақстан Республикасының қалалары мен аудан орталықтарында объектілерді сумен жабдықтау және су бөлу жүйелеріне қосу үшін техникалық шарттарды беру және келісу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі Комитетінің төрағасымен БЕКІТІЛГЕН 1997 жылғы 30 желтоқсан Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 25 ақпан N 475 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 9 қазандағы N 520 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 09.10.2012 N 520 бұйрығымен.

КЕЛІСІЛГЕН:

БЕКІТІЛГЕН:

Қазақстан Республикасының
стратегиялық жоспарлау және
реформалау жөніндегі
Агенттігі баға және монополияға
қарсы саясат жөніндегі
Комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасының
Энергетика, индустрия және
сауда министрлігінің тұрғын
үй және құрылыс саясаты
жөніндегі Комитетінің
төрағасы

24 желтоқсан 1997 ж.

30 желтоқсан 1997 ж.

Қазақстан Республикасының қалалары мен аудан орталықтарында объектілерді сумен жабдықтау және су бөлу жүйелеріне қосу үшін техникалық шарттарды беру және келісу тәртібі туралы

I. ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1.1. Осы нұсқау Қазақстан Республикасының қалаларында, аудан орталықтарында орналасқан жаңа, кеңітіліп жатқан және жаңаланған жұмыс істейтін объектілерді сумен жабдықтау және су бөлу жүйесімен ғимараттарына, коммуналдық сумен жабдықтау мен су бөлудің орталықтандырылған жүйелеріне қосу үшін техникалық шарттарды беру және келісу тәртібін, сондай-ақ қосу үшін рұқсат беру тәртібін, мазмұнын, құрамын белгілейді.

1.2. Нұсқау Қазақстан Республикасының қалалары мен аудан орталықтарының су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдары, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

1.3. Бұл нұсқау тұрғын үй-коммуналдық және өнеркәсіп құрылысына

арналған жобаларды әзірлеу жөніндегі қолданыстағы және бекітілген нұсқауды, тәртіпті және ережені күшінде қалдырады.

1.4. Техникалық шарттарды беру кезінде ҚНЖЕ 2.04.02-84* сумен жабдықтау 1.1. т. ҚНЖЕ 2.04.03-85* "Канализация. Сыртқы желілер мен ғимарат", сондай-ақ объекті /кешен/ бойынша Су балансының схемасын Тапсырысшыдан алуды ескеру қажет.

II. Су құбыры мен канализацияның сыртқы желілері мен ғимараттарын қосу үшін техникалық шарттар беру

2.1. Жергілікті атқарушы органдардың сумен жабдықтау және су бөлу орталықтандырылған жүйелеріне қосу су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдары беретін техникалық шарттар негізінде орындалған және осы нұсқауда белгіленген тәртіппен келісілген жобалық құжаттамаға сәйкес жүргізіледі.

2.2. Сумен жабдықтау және су бөлу жүйелеріне объектілерді қосуға арналған техникалық шарт - бұл су құбыры-канализация шаруашылығы иесінің ерекше талабын мазмұндайтын құжат және тех су құбыры мен канализацияның сыртқы желілері мен ғимараттарында көрсетіледі.

Объектілерді сумен жабдықтау және су бөлу жүйелеріне қосудың техникалық шарттары абоненттің су құбыры мен канализацияға қосылуы үшін рұқсат болып табылмайды.

2.3. Су құбыры - канализация шаруашылығы иесі мен Тапсырыс шарасында берілетін судың сапалық құрамы бойынша шарттар мен осы елді мекенде қолданылатын нормативтерге сәйкес абоненттің қалалық канализацияға шығаратын ағынды суға талаптары айтылады.

2.4. Сумен жабдықтау және су бөлу техникалық шарттарын беретін ие ұйымға өтініш Тапсырысшыдан осы Нұсқауға N 1 Қосымшаға сәйкес өтініште көрсетілген барлық материалдар міндетті түрде тігіліп, бір дана болып түсуге тиіс.

2.5. Сыртқы желілер мен ғимараттарға сумен жабдықтау және су бөлу үшін техникалық шарт Тапсырысшы мекен-жайына осы Нұсқауға N 2 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Тәулігіне 1500 м³ жоғары шығындайтын /ағынды суды шығаратын/ объектілер үшін техникалық шарт жергілікті атқарушы органдармен міндетті келісу бойынша беріледі.

Бұдан басқа, техникалық шарттарда гидравликалық режим, сумен жабдықтау және су бөлу жүйелерін дамытуға, сумен жабдықтау және су бөлу объектілерінің қолданыстағы ғимараттарын жаңғыртуға немесе салынып /жаңартылып/ кәсіпорын күшімен және соның есебімен объектілер салуға ықтимал үлестік

қатысуы көрсетілуге тиіс.

2.6. Су құбыры және су бөлудің жалпы қалааралық желілерін және ғимараттарын дамыту мәселесі әрбір жеке жағдайда облыстар, Ақмола және Алматы қалалары әкімдерінің қатысуымен шешіледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері өндіріспен шұғылданса /"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес құрылған/ сумен жабдықтау және канализация бойынша қосылатын қуаттылығы үшін төлемнен босатылады.

2.7. Техникалық шарттарды беру /себептері көрсетілген техникалық шарттарды беруден бас тарту/ - мерзімі - 10 күн.

2.8. Объектілерді су құбыры мен канализацияның жалпы қалалық желілері мен ғимараттарына қосудың техникалық шарттары жобалық-сметалық әзірлемелердің және құрылысының нормативтік кезеңінің бойында жарамды және объектілерді жобалау мен салудың нормативтік мерзімі аяқталғаннан кейін ғана өзгертілуі мүмкін.

2.9. Су құбыры мен канализацияның қалалық желілеріне қосу үшін рұқсат Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің N 80 30.05.1997 ж. бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының қалалары мен аудан орталықтарында коммуналдық су құбыры мен канализацияны пайдалану тәртібіне" сәйкес жүргізіледі.

2.10. Жобалау аяқталғаннан кейін Тапсырысшы су құбыры-канализация шаруашылық ұйымына берілген техникалық шарттарда мазмұндалған талаптарды жобалық құжаттамаға енгізгендігін дәлелдейтін құжат тапсырады.

2.11. Су тұтынуды арттырған немесе бұрын техникалық шарттарда көрсетілген есептеме көрсеткіштеріне қайшы ағын су көлемін арттырған немесе құрамын нашарлатқан жағдайда су құбыры-канализация шаруашылығының иесі су көлемінің артуына жол бермеуге және тиісті жаңа техникалық шарттар

мен талаптар орындалғанға дейін ағынды суды қабылдамауға қақылы.

2.12. Даулы мәселелер немесе сумен жабдықтау және су бөлудің техникалық шарттарын берудегі қиындықтар су құбыры және канализация мәселелерімен шұғылданатын жобалау ұйымдарының қатысуымен төрелік тәртіппен шешілуі мүмкін.

N 1 ҚОСЫМША

СКШ ұйымы

желілеріне қосу үшін техникалық шарттарды
беруге арналған

ӨТІНІШ

1. Тапсырысшы, ведомоство және мекен-жайы _____
— _____ телефон _____

2. Объектінің /кешеннің/ атауы және мекен-жайы _____

3. Жобалау сатысы _____
—
4. Құрылыстың басталуы 199 _ ж., құрылыстың аяқталуы 199 _ ж.
5. Жобаланған объектінің межелік құны _____
6. Жұмыс істеушілердің межеленген саны _____ адам
7. Ауысым саны _____
—
8. Көп ауысымда жұмыс істеушілер саны _____ адам
9. Ғимараттың қабаттылығы _____
—

I. СУ ҚҰБЫРЫ

1.1. Судың ішу сапасына жалпы қажеттілік _____
шаршы метр/тәулік,
_____ шаршы метр/ең көп сағат/ ең көп
су қоршауы сағаты/

Оның ішінде:

а/ шаруашылық ішу мұқтажы үшін _____ шаршы метр/
тәулік

_____ шаршы метр/ең көп сағ.
б/ өндірістік мұқтаж үшін _____ шаршы метр/тәулік

- _____ шаршы метр/ең көп сағ.
- 1.2. Өрт сөндіру үшін қажетті шығын: _____
ішкі л/сек
сыртқы л/сек
- 1.3. Тәулік бойында талап етілетін қысым _____ МПа

II. КАНАЛИЗАЦИЯ

- 2.1. Ағынды судың жалпы көлемі _____ шаршы метр/тәулік _____
_____ шаршы метр/ең көп сағ. /ең көп су бөлу сағаты/

соның ішінде:

- а/ әжетхана суы _____ шаршы метр/тәулік;
б/ өндірістік ласталған _____ шаршы метр/тәулік;
_____ шаршы метр/ең көп сағ.
в/ шартты-таза _____ шаршы метр/тәулік
_____ шаршы метр/ең көп сағ.

Қалалық канализацияға шығарылған су.

2.2. Өндірістік ағынды судың сапалық құрамы мен сипаттамасы, осы өндірістегі ағынды су ерекшеліктері /оның ішінде, сол елді мекенде қалалық канализацияға өндірістік ағынды суды қабылдау тәртібін реттейтін, нормативтік құжаттар белгіленген ингредиенттер тізбесі бойынша/.

Өтінішке қосымша:

1. Объектілер көрсетілген схема /қала бас жоспарынан түсірілген бүкіл кварталдың көшірмесі/ М 1:500.

Өтініш беруші _____

—

/ұйымның атауы/

—

лауазымы

қолы

ӘКТ

айы, күні

N 2 ҚОСЫМША

КЕЛІСІЛГЕН:

БЕКІТЕМІН

/Жобалаушы ұйым/

/СКШ иесі/

/техникалық шартты берген ұйымның атауы/

/кімге беріледі/

ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТ N _____ " ____ " 199 _ ж.

Объектінің атауы:

Мекен-жайы:

1. СУ ТҰТЫНУ

есептемелік су шығыны

шаршы метр/тәулік

нақты су шығыны

шаршы метр/тәулік

1.1. Қалалық желілер мен ғимараттарға қосылу үшін тапсырысшы міндетті:

1.2. Су құбырындағы қосылу нүктесіндегі қысым _____ МПа .

1.3. Су құбыры желісі /шеңберлік немесе тұйықтық/ _____

1.4. Негізгі құдықтар мен гидранттарда үйлестіруші белгілерді қарастыру.

1.5. Жұмыс істейтін желілердің ішкі және сыртқы өрт сөндіру үшін талап етілетін шығын мен қамтамасыз етілуі _____ л/сек.

1.6. Жобаланған объектінің құрама сметасында қала су құбыры желісі мен ғимаратын кеңейтуге үлестік қатысу үшін _____ теңге қарастырылсын. Үлестік қатысу көлемі _____

— _____ есеп шотына аударылсын.

1.7. Жобалау кезінде сумен жабдықтаудың жұмыс істеуші жүйесінің санын ескеру. Тоңазытқыш қондырғылары мен технологиялық мұқтаж үшін айналмалы сумен жабдықтауды қарастыру.

1.8. Басқа талаптар:
болат құбырлары үшін электрохимқорғанысын қарастыру;
қосу кезінде қысымды өлшеу үшін Д-15 мм. винтель қарастыру;
кәсіпорын аумағында қосқан кезде суды есептеудің бірыңғай приборын қарастыру:
ішкі және сыртқы өрт сөндіру қолданыстағы ҚНЖЕ сәйкес қарастыру;
тұрғын үйлерде ауыз суын есептеудің пәтерлік приборларын орнатуды қарастыру.

II. КАНАЛИЗАЦИЯ

есептемелік ағын су шығыны
ағын судың нақты шығыны

шаршы м/тәулік
шаршы м /тәулік

2.1. Канализацияның қалалық желілер мен ғимараттарына қосылу үшін Тапсырысшы міндетті: _____

2.2. Жобаланған объектінің құрама сметасында қала канализациялық желісі мен ғимаратын кеңіту үшін үлестік қатысуға _____ теңге қарастырылсын.

Үлестік қатысу көлемі _____ есеп шотына аударылсын.

2.3. Жобалау кезінде канализацияның жұмыс істеуші жүйесінің саны ескерілсін. Ағынды суды тазалау қолданыстағы ҚНЖЕ сәйкес қарастырылсын.

2.4. Жаңа және жаңғыртылушы кәсіпорындар /объектілер/ үшін ҚР ауыл

шаруашылығы министрлігі су ресурстары жөніндегі Комитетінен арнайы су пайдалану үшін рұқсат алу қажет.

2.5. Жергілікті сумен жабдықтау және канализация тазалау ғимараттары, сумен жабдықтаудың айналмалы жүйесінің ғимараты ҚР Экология және биоресурстарминінің аумақтық органдарымен және Менсанқадағалаумен келісуге тиіс.

2.6. Ағынды канализация үшін техникалық шарттарды берумен келісу жөніндегі талаптар.

2.7. Сумен жабдықтаумен канализацияны қалалық жүйесіне қосу жобасы пайдаланушы су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымымен келісілсін.

2.8. Техникалық шарттар _____ 199 _ жылға дейін жарамды.

Лауазымы:

/өндірістік-техникалық

бөлімнің бастығы/

Қолы:

Ә.А.Т.